

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 312 (2017), 145 – 148

**N.B. Akysh, A.M. Akhmetova**

**PERSONAL ARGUMENTS  
IN THE HISTORICAL NOVELS**

**Annotation.** In this article the authors intend to prove great artistic responsibility of the writer before the reader when he is going to write a historical theme, especially concerning the history of Kazakhstan. In the article analyze the real interaction between historical truth and author's position in some artistic aspects based on the example of the novels «Eskendir and Roxanne» by E.Torekhanov and «Segiz seri» by T.Alzhantegi. The researchers make original scientific conclusions based on writer's fantasy.

**Keywords:** reasoning, the author's position, reduction, personal, historical novel, story, facts, factor, domesticate, describe.

ӘОЖ: 821.512.122-3

**Н.Б. Ақыш<sup>1</sup>, А.М. Ахметова<sup>2</sup>**<sup>1</sup> М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан;<sup>2</sup> Әл-Фарағи атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1 курс докторанты, М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызыметкери, Алматы қ., Қазақстан

**ТАРИХИ РОМАНДАҒЫ СУБЬЕКТИВТІ ТОЛҒАМДАР**

**Аннотация.** Тарихи тақырыпқа арналған көркем шығарма жазудың жауапкершілігі қай жағынан да үлкен дайындықты жүктейтінін зерттеушілер бұл мақалада жекелеген детальдар арқылы дәлелдеуді жөн көреді. Мақалада Э.Төрекановтың «Ескендір мен Роксана», Төкен Әлжантегінің «Серіз сері» романдарындағы тарихи шындық пен авторлық позицияның арақатынасы талқыланады. Бірінші романда ежелгі дүние тарихының жекелеген суреттері, ал екіншісі он тоғызыныш ғасырдағы қазақ даласындағы оқиғалардың қалай бейнеленгені шындыққа қаншалықты жанасымды екендігіне зерттеушілер өзінше ғылыми тұжырымдар жасаған.

**Тірек сөздер:** пайымдау, авторлық позиция, мағлұмат, субъективизм, тарихи роман, фабула, деректер, фактор, игеру, суреттеу.

Тек тарихи мағлұмattарға негізделген тарихы шығармалардағы деректерді оқиға ортасында суреттеу немесе баяндау барысында субъективтік көркем пайымдаулардың алатын орны қандай деген мәселеге үнемі көз жүгіртіп, назар жыға бермейтініміз рас. Тарихи тақырып авторлық позициядан үнемі объективті көзқарасты қажет еткенімен, субъективизмнің де орын алғып отыратынын ескермеуге бола ма? Егер жазушы осы ынғайда жеке эмоциясы мен көзқарасының жетегінде кететін болса, ол жағдай шығарманың тарихи сипатына нұқсан келтіре ме, жоқ, әлде келтірмей ме деген мәселені ойлап қоюдың артықтығы жоқ.

Белгілі сыншы Т.Токбергеновтың Д.Досжановтың «Жібек жолы» романы туралы айтқан «Роман фабуласы жағынан да, құрылым-композиция жағынан да өзгеше, соны. Романның желі-желі болып басталуы, түйін-эпилогтың өзгеше тыныс, өзгеше леппен бітуі, желілердің сарын-сарын болып ұласуы романға өзгеше түр, өзгеше пішін берген» [186.1] деген пікірін Э.Төрекановтың «Ескендір мен Роксана» атты тарихи романына қатысты да қайта есімізге алыш, жаңғыруға болар еді.

Бұл шығарманың негізгі фабулалық өзегі – атакты грек колбасшысы Александр Македонскийдің Орта Азия жерін жорық жасауы және осы жолда сақ патшасының қызы Роксанага көнілі кетуі, екеуара адамдық қарым-қатынасының қалай дамығандығы. Мұнда тарих қойнауына қиялымен жол шеккен қаламгер бағзы заманның қалтарысы мол, бүгінгі оқырман үшін кейбір тұстары бұлғынғыр, адами әлемі өзгеше күрделі заманды көз алдына әкеледі. Оқиға тек Ескендір мен Роксана арасындағы маҳаббат мәселелеріне ғана

құрылып қоймай, жекелеген тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерін, адами қалыптарын, өзара қарым-қатынастарын ашуға құрылған деуге болады. Сюжеттік желілер дами келе, жеке тұлғалардың да арасындағы жағдайларды ғана емес, сол заманда тарих сахнасына шыққан белгілі бір мемлекеттердің де өзара саяси қатынастарын біршама ашып көрсету жағына да бұрылыштар жасайды.

Тіпті шығарманың бастапқы бөлігінде ежелгі Грекия тарихы баяндау үлгісінде тәптіштеліп, жекелеген саяси мәселелер қылаң береді. Сонымен бірге Грекияның қас жауы болған Парсы патшалығының тарихи жағдайына шолу жасай отырып, оның сыртында осы мемлекеттерге жағрафиялық жағынан жapsарылас жатқан шағын елдердің де жай-қүйінен ақпараттар ұсынылады. Соның бірі сақ, қаңзы, мараканд және т.б елдердің сол кездегі ішкі ақуалдары туралы оқырман алатын мағлұматтар бірсыптыра. Бұдан шығатын түйін – аталған романның тарихи-тәнімдік жағынан мол екендігі. Егер деректерді дұрыс пайдаланып жаза білген жағдайда тарихи шығарманың табиғаты өзінен-өзі тәнімдік рөл атқарытыны белгілі.

Бірақ кейбір авторлар алдыңғы планға тарихи адамдардың жан дүниесін, қөзкарасын, қайраткерлігі мен азаматтық позициясын тіпті жеке бастарына қатысты ұсақ дүниәүи мәселелерді алдыңғы планға шығарса, екінші топтағылар тәнімдік мәселелерге көп мән береді. «Ескендір мен Роксана» романының авторы осы соңғы үрдісті көбірек ұстанған сиякты. Эрине, қазіргі казақ мемлекеті орналасқан орасан зор аймақтың бағзы тарихына қалам сілтеген жағдайда бұндай тәсіл орынды да болар, ал тарихи оқулықтарынан онсыз да белгілі өзге мемлекеттердің тарихына теренірек талдау жасау аса бір қажеттілікпен туа коймағанын мойындаған жөн.

Объективті жағдайларды алдыңғы қатарға шығара отырып, таразының тәнімдік жағы басып кеткендігіне қарамастан, аталған романның көркемдік түрғыда орындалуында едәуір жетістіктер бар. Бұл жағынан алғанда басымырақ көніл бөлетін жағдайлар – сюжеттік линиялардың сауатты түрде дамуы, басты қаһармандар мен қосалқы персонаждар бейнелерінің әр қырынан ашылуы, бұраланы, кедір-бұдыры тапшы болып келетін әңгімелу мәнері, бір сөзben айтқанда, романды өзіндік көркемдік деңгейге көтеріп тұрған басты негізі фактор – көркемдік құралдардың мүмкін болғанынша орынды да дұрыс пайдаланылуы. Мұнда Ескендір мен Роксанадан кейінгі кейіпкерлердің ішінде тегі көптеген гректік тарихи тұлғалардың есімдері аталауды. Александр Македонскийдің жолында жатқан Вавилон, Үнді және Парсы, Мараканд және т.б жүргіттардың бетке ұстар адамдары қаншама.

Басқа жүрттың тарихын қазбалай әңгімелу ұлт жазушысы үшін көркемдік мақсат емес, ең алдымен, тарихи-тәнімдік мақсат қана болып табылатындығын бажайлаған абзal. Соңдықтан да бұл арада өзге жағына үніліп жатпай-ақ, қазақ даласының тұлғалары қалай бейнелеген деген мәселелеге ғана көбірек шұқшиғанмыз қисындырақ болар.

Бұл бағытта алдымен анығырақ кейіпкерлердің қатарында Сақ патшасы Байтак, Үйсін патшасы Күнбегі, олардың маңындағы түрлі құлықтағы адамдарды атауға болады. Кейіпкерлер арсындағы қарым-қатынасты Байтак патшаның әкелік мейірбандығымен немесе Ескендір мен Роксана арасындығы қурделі маҳаббат құбылыстарымен шектеуге болмайды. Қатыгез тарих белестері сахнаға тасжүрек жандарды да еріксіз алып шығады. Жапсарлас өнірдегі жүрттардың, патшалардың және солардың ордаларының маңындағы адамдардың өзара мейірімсіздігі романда мейлінше қатыгез сипатта суреттеледі. Бағзы заман персонаждарының астамшылығы, тасжүректілігі, екіжүзділігі шошытады. Тарихи романдарға тән сюжеттік атрибуттардың бірі сарай маңындағы интригалардан да бұл шығарма құралакан емес.

Бірақ түрлі көркемдік идеяларды тоғыстыруға тырысқан автордың негізгі айтпағы - сақ даласынан шықкан перзенттердің қайраткерлігін, ұлылығын көрсету, жат өлкелерде шиеленіске толы қызын құрестерді бастан кешіріп жүріп-ақ билікке қалай ие болғандықтарын суреттеу. Романың бұл мақсатының орындалуы тиісті көркемдік деңгейде екендігін атап өткеніміз абзal. Ал субъективтік толғамдар біріне ықыласты екі кейіпкердің ара қатынасын суреттейтін тұстарда ғана молырақ көрініс табады екен.

Филология ғылымдарының докторы Р.Бердібаев өзінің «Қазақ тарихи романы» атты еңбегінде осы мәселеге қатысты айта келіп, ойын былайша түйіндеген екен: «Роман-хроникада тарихи оқиғалардың тізбегі күрделі орын алуы табиғи. Мұнда жеке қаһарманның жай-қүйін бастан-аяқ түгелдеп айтып шығу бірден-бір шарт бола бермейді. Тарихи оқиғалардың ағынын белгілі адамдар, топтар өмірімен табиғи бірлікті әңгімелей білу, сол арқылы әрі тарих, әрі шығарма міндеттін «қатар» алып бару бұл жанрдың ерекшеліктері болып саналса керек» [142.2] десе, ғалым Ө.Әбдіманұлы: «...Қазақ романдарындағы кейіпкердің тарихи сипат белгісі, көркемдік болмыс әлемі мен әлеуметтік ортаға қатысы, жеке адами ерекшелігі қалыптасуының көркемдік шындығы сынды азаматтық-тұлғаның ұлттың болмыс-бітімінен бастау алатын мәнді белгілері көркемдік-шығармашылық талаптар тұрғысынан қаншалықты оң шешім тапқанына баса назар аудару басты

ұстаным болуға керек» [3.15]. Жалпы тарихи романға қalam тартқан авторлардың осы пікірді ескере білсе тіпті де артық болмас еді алған деп ойлаймыз.

Накты тарихи тұлғаның өмірбаянына құрылған прозалық шығармалардың бірі – Төкен Әлжантегінің «Сегіз сері» романы. Төрт бөлімнен тұратын бұл шығарма казақ өнерінің тарихында «Сегіз сері» деген атпен қалған Мұхаммедқанапия Баһрамұлының өмір жолын суреттеуге арналған. Автор өз кейіпкерінің бүкіл ғұмырын әңгімелеп шыққан деп тұжырым жасау қын болар. Оның ең алдымен назар аударғаны – кейіпкерінің дүние есігін ашқан құннен бастап, бақылыш болғанға дейінгі аралықтағы маңызды-маңызды кезеңдері. Бұл туындыны өмірге келтіру барысында шығармашылық жұмысында жазушының екі түрлі жетістігі көзге түсетін сияқты.

Оның біріншісі шығарманың тілдік қолданысына қатысты біршама көркемдік талаптарды игере алғанынан көрінсе, екіншісі сюжеттік желілерді тартымды да қызықты етіп құра білуінен байқалады. Қарапайым оқырмандардың басым бөлігі шығарма оқиғасының қызықтылығына қатты көңіл бөлөтінің ескерсек, бұл өзі атусті қарауға болмайтын маңызды көркемдік фактор екендігін тағы да қаперімізге аламыз. Өйткені көркем туындының шығнайтынына, образдардың нақтылығына және тілдік қолданыстарға жете мән беруге тырысатын кейібір жекелеген қalamгерлер бәрінен бұрын сюжеттің қызықты құрылуын маңызды емес деп есептейді. Ал соңғы жылдағы роман үлгілерінің ішінде қызықты сюжетке басымырақ көңіл бөлінген кітаптардың бірі – Төкен Әлжантегінің осы аталған туындысы.

Автордың бас кейіпкердің бейнесін ашуға жасаған қадамдарының басым бөлігі сәтті. Кітаптың басында өмірдің дүниәүі мәселелерінен гәрі көңіл көтеруге, ойын-сауыққа көбірек мән беруге бейім кейіпкер жас кезінде біршама женіл ойлы адам болып көрінеді. Оның туған халқы үшін қарулы құреске шығатын қайраткерлік деңгейге жету жолдары, әлеуметтік себеп-салдарлары теренірек ашыла тұсу керек еді. Романда Сегіз сері Баһрамұлының балалық, бозбалалық кезеңімен сол кездегі билікке, отаршылдыққа карсы көтеріліске шығатын жылдарында берілген орын басымырақ. Өмірінің бастапқы бөлігінде жас кейіпкердің ойын-сауыққа, әдемілікке деген құмарлығы көбірек суреттелсе, екінші тарихи маңызды басым мәселе де оның ұлтжандылығы, отаршылдық жүйеге деген шексіз карсылығы молырақ көрініс табады. Ол – бұл кезеңде ешқандай үтіктек, басу айтқан сөздерге көнбейтін, халқының, казақ жерінің азаттығы үшін басын бойгеге тіккен қайраткер азамат. Романның соңына қарай Сегіз серінің өз халқының перзенті ретінде суреттелуі шығарманың әлеуметтік салмағын молайта түсken.

Кітап оқиғасы негізінен XIX ғ. бірінші жартысында және орта тұсында өтеді. Бұл Ресей отаршылдығының қазақ даласын жаулап алу процесінде жаңа кезеңге енген уақыты. Патша самодержависі қазақ сахарасына бұрынғыдай мысықтабандап ішкірлеуді койып, жаңа құштермен екпіндей орнығып келе жатқан кезі, яғни, тұсі суық басқыншылықтың кеспірі байырғы тұрғындары үшін айқындалып қалған шағы. Бірақ кітап авторы мұндай тарихи тенсіздікті, отарлау саясатына тән болып келетін империалистік өктемдік пен бұратана халықтарды ұлтық тұрғыдан кемсітушілікті бейнелуі бұлынғырау. Басқыншы ұлт өкілдерінің сары даладағы бұратаналарға деген ызғары айқын бейнеленбейді. Кейде патшаның жергілікті жердегі билік өкілдері сахараның байырғы тұрғындарымен терезесі тен дәрежеде сөйлесіп жатады.

Шығарманың көркемдік деңгейі көрінетін беттері – бас кейіпкердің сүйіспеншілік сезіміне, махаббатқа қатысты бастан кешкендерін суреттейтін сюжеттік желілер. Бұл арада таза, ыстық сезім күй де, жігіттік құштарлық та, асқақ арман да айқын анфарылады.

Әрине, автор өз кейіпкерінің басындағы ғұмырбаяндық барлық оқиғаларды қамтыған деуге болмас. Қажетті деген тапқан өмірлік материалдарды шамасы жеткенше ірікеп алуға тырысқан және сол қажетті атрибуттардан жаратқан көркемдік өрімі, біздін пайымдауымызша, оқырман кәдесіне асқан деңгейде екені көрініп тұр.

«Сегіз сері» деген адам өмірде болған ба, жоқ па» деген мәселе түбебегейлі шешімін таппай тұрған кезеңде оның көркем әдебиеттегі бейнесі де осылайша жасалу жатыр екен. Соның бір мысалы Т.Әлжантегінің аталған романы десек, тарихи тұлғаның өмірде болған немесе болмағандығы жайында желіліленіп тұрған пікірталастар арынына қарамастан, жазушының осы тақырыпка қalam тартуының өзін субъективті толғам деуге келеді. Романды Сегіз серінің көркем бейнесін жасау жолындағы нешінші талпының деген реттік сан есіммен номерлап жатпай-ак, автордың ой еркіндігіне мұрша берген туынды деген бағалауға болар. Жалпы субъективті толғамдар тарихи шығармаға қаншалықты керек немесе мүлде керексіз бе деген мәселе төнірегінде алдағы уақытта да ой әрбірудің артықтығы бола қоймас.

Осы шағын мақаладағы ойымызды филология ғылымдарының докторы Г.Орданың «Тарихи роман жазудың бір қының шындықтан алыстауға болмаса, сол тұстағы тарихи тұлғаның бейнесін жасау одан да қын» [4.132] деген әрі қысқа әрі айқын пікірімен аяқтағанымыз орынды.

## **ӘДЕБІЕТ**

- [1] Тоқбергенов Т. Әдеби сын. Алматы: Жазушы, 1974. – 224 б.
- [2] Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Қазақ ССР-нің Гылым баспасы, 1979. – 240 б.
- [3] XX ғасырдың екінші жартысындагы қазақ романдарын зерттеудің өзекті мәселелері // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Хабаршысы. 2014. – №5. – Б. 13 - 15.
- [4] Орда Г. Қоркем ойдың құдіреті. – Алматы: КИЕ лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 304 б.

## **REFERENCES**

- [1] Tokbergenov T. Togyz tarau. Almaty: Zhazushy, 1974. – 224 b.
- [2] Berdibayev R. Qazaq tarihi romany. – Almaty: Qazaq SSR-nyн Gylym baspasy, 1979. – 240 b.
- [3] XX gasyrdyn ekinshi zhartysyndagy qazaq romandaryn zertteuding ozekti maseleleri // Al-Farabi atyndagy Qazaq Ultyq universitetining Khabarshyсы. – 2014. – №5. – B. 13 - 15.
- [4] Orda G. Korkem oidynq qudireti. – Almaty: KIE lingvoeltanu innovatcyalyk ortalgygy, 2007. – 304 b.

**Н.Б. Ақыш, А.М. Ахметова**

## **СУБЪЕКТИВНЫЕ РАССУЖДЕНИЯ В ИСТОРИЧЕСКИХ РОМАНАХ**

**Аннотация.** В этой статье авторы намерены доказать насколько велика художественная ответственность писателя перед читателем, когда он берется писать за историческую тему, особенно по истории Казахстана. В статье анализируется реальное соотношение между исторической правды и авторской позиции в некоторых художественных аспектах на примере романов «Ескендір мен Роксана» Э.Тореканова и «Сегіз сері» Т.Альжантеги. Исследователи делают оригинальные научные выводы исходя из художественных вымыслов этих писателей.

**Ключевые слова:** рассуждение, авторская позиция, сведение, субъективизм, исторический роман, фабула, факты, фактор, осваивать, изображать.